

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
«Петропавл қаласының
білім бөлімі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
«Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
БҰЙРЫҚ



Коммунальное государственное
учреждение
«Средняя школа № 43
имени Габита Мусрепова»
коммунального государственного
учреждения «Отдел образования
города Петропавловска»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо-
Казахстанской области»
ПРИКАЗ

2024 ж. 04.05
Петропавл қ.

№ 121
г. Петропавловск

**2023-2024 оқу жылын аяқтау,
білім алушыларды аралық
және қорытынды аттестаттаудан
өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2) тармағының 1-1) тармақшасына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурызда бекітілген (2003 ж. 04.07 № 208 толықтырулармен және өзгерістермен), «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығы, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 ж.05.10 № 256 «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылы 0-сыныпта **2024 жылғы 31 мамырда**, 1-11 сыныптарда **2024 жылғы 25 мамырда** аяқталсын.
2. 9-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары **2024 жылғы 29 мамырдан 10 маусым** аралығында өткізілсін.
3. 11 сынып оқушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары **2024 жылғы 28 мамырдан 10 маусым** аралығында өткізілсін.

4. қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу жылының қорытындысы бойынша 5-8, 10 сынып оқушыларын аралық аттестаттау **2024 жылғы 27 мамырдан 31 мамыр аралығында** емтихан кестесіне сәйкес өткізілсін.
5. Қорытынды аттестаттау келесі мерзімдерде өткізілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

- 1) орыс тілінен эссе түріндегі жазбаша емтихан (эссе) – **2024 жылы 29 мамыр;**
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – **2024 жылы 03 маусым;**
- 3) жазбаша емтихан (мәтіндер бойынша жұмыс, мәтіндер бойынша тапсырмаларды орындау) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті - **2024 жылы 06 маусым;**
- 4) таңдау пәндерінің жазбаша емтиханы (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарих, орыс әдебиеті, шет тілі (ағылшын), информатика) - **2024 жылы 10 маусым.**

11-сынып оқушылары үшін:

- 1) орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – **2024 жылы 28 мамыр;**
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – **2024 жылы 31 мамыр;**
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -**2024 жылы 04 маусым;**
- 4) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан -**2024 жылы 07 маусым.**
- 5) пәндерді таңдау бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын), информатика) – **2024 жылы 11 маусым.**
6. Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары **Надежда Владимировна Золотилина 2024 жылғы 19 мамырға** дейін 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды өткізу үшін консультациялар мен емтихандар кестесін жасасын.
7. Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары **Наталья Викторовна Уварова 2024 жылғы 15 мамырға** дейін 5-8,10-сыныптарда аралық аттестаттауды өткізу үшін консультациялар мен емтихандар кестесін жасасын.
8. 11,9,5-8,10 сыныптарды емтиханға жіберу, 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа ауыстыру туралы педагогикалық кеңес **2024 жылы 24 мамыры** өткізілсін.
9. 2024 жылғы 27 мамырдан 31 мамырға дейін үлгермеген оқушылар үшін бір жыл ішінде жиынтық жұмыстар жүргізілсін.
10. 9 және 11-сыныптардың сынып жетекшілері **Юлия Васильевна Оспанова, Надежда Аркадьевна Говорухина, Галина Александровна Вальтер, Лаззат Ерденовна Аубакирова, Райса Геннадьевна Елькина 2024 жылдың 24 мамырына** дейін аттестаттарды толтыру үшін оқушылардың тізімін дайындасын.
11. 5-11-сыныптардың сынып жетекшілері бекітілген кестеге сәйкес емтихандарды өткізу күні және уақытымен оқушыларды қол қою арқылы таныстырсын, 2023-2024 оқу жылындағы аралық және қорытынды аттестаттау ережелерін оқушылардың ата-аналарына жеткізсін.

12. Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары **Н.В. Золотилина** 9, 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудан босату үшін **2024 жылғы 10 мамырға дейін** құжаттар пакетін жинасын. Қорытынды аттестаттаудан босатылған бітіруші сынып оқушылары үшін қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде жүргізілсін.

13. Кітапхана меңгерушісі **Даметкен Исламовна Шагирова** **2024 жылғы 20 мамырға дейін** 1-11 сыныптарымен оқу әдебиеттерін тапсыру кестесін жасасын.

14. 1-11-сыныптардың сынып жетекшілері:

а) кестеге сәйкес оқулықтардың ұйымдастырылған тапсырылуын қамтамасыз етсін;

б) **2024 жылғы 24 мамырға дейін** ҚТ бойынша 1-11 сынып оқушыларына нұсқама жүргізісін;

в) сынып оқушыларының жазғы демалысын бақылауға алсын.

15. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары **Ольга Александровна Елманова** 9 және 11 сынып оқушыларын жұмысқа орналастыруды бақылауға алсын.

16. Әлеуметтік педагог **Н. А. Трапезникова** аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың, «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың, КТБ және мектепішілік есепте тұрған оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруды бақылауға алсын.

17. Әлеуметтік педагог **Нина Анатольевна Трапезниковаға** мектептен тыс сауықтыру лагерьлерінде аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жауапкершілік жүктелсін.

18. **2024 жылғы 03-14 маусым** аралығында мектеп базасында 0, 1-4 сынып оқушылары үшін жазғы алаңның жұмысы ұйымдастырылсын. Жазғы алаңда оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бастауыш сынып мұғалімі **Ольга Борисовна Семыкина** жауапты болып тағайындалсын.

19. **2024 жылғы 19-29 тамыз** аралығында мектеп базасында «Болашақ бірінші сынып оқушысы мектебінің» жұмысы ұйымдастырылсын. «Болашақ бірінші сынып оқушысы мектебінің» жұмысына бастауыш сынып мұғалімдері **Светлана Васильевна Афанасьева, Елена Геннадьевна Мартыновская, Динара Каиржановна Рамазанова** жауапты болып тағайындалсын.

20. 9 және 11-сыныптардың сынып жетекшілері **Ю.В.Оспанова, Н.А.Говорухина, Г.А.Вальтер, Л.Е.Аубакирова, Р.Г.Елькинаға** негізгі және жалпы орта білім туралы аттестаттарды, қатаң есептілік құжаттарын беру журналдарын толтыру жауапкершілігі жүктелсін.

21. Негізгі орта және жалпы орта білім туралы аттестаттарды басып шығару жауапкершілігі инженер **Даниэль Юрьевич Науманға** жүктелсін.

22. Мақтау қағаздарын және мақтау қағаздарын беру кітаптарын толтыру үшін жауапкершілік сынып жетекшілері мен директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары **Наталья Викторовна Увароваға** жүктелсін.

23. Технология мұғалімдері **Татьяна Николаевна Горулева, Виктор Николаевич Швец** мектеп жанындағы учаскеде жұмысты ұйымдастырсын.

24. Пән ӘБ жетекшілері **Лаззат Ерденовна Аубакирова, Людмила Александровна Лыжина, Сауле Актаевна Мухаметжанова, Ольга Васильевна Шейкина, Галина Александровна Вальтер, Денис Александрович Коспаков, Олеся Владимировна Сингатулина, Марина Валентиновна Дериглазова, психологтар Елена Михайловна Коренькова, Алия Муратовна Абильмажинова, логопед Надежда Николаевна Мельник,**

дефектолог **Дарья Юрьевна Данилова**, әлеуметтік педагог **Нина Анатольевна Трапезникова**, кітапхана меңгерушісі **Д.И.Шагирова** 2024 жылғы 01 маусымға дейін 2023-2024 оқу жылына жұмысты талдауды тапсырсын.

25. 0, 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың ата-аналарын мектепке, мұғалімдерге сыйлықтар үшін ақша жинауға жол берілмейтіндігі туралы хабардар етсін.

26. Информатика кабинетінің зертханашысы **Айдар Тлегенович Халелов** осы бұйрықты мектеп сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

27. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



А.Т. Умарова